

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 1, Number 25 (2015), 75 – 77

THE EFFECTIVENESS OF LABORATORIES WORK IN ACCORDANCE WITH THE QUALITY STANDARDS

A. S. Mambayeva

Key words: metrology, standard, certificate

Abstract. For the exposure of quality of products, it is necessary to conduct measuring researches. Importance of realization of metrology verification is a receipt of reliable results.

УДК 006.3

ЗЕРТХАНАЛАРДЫ СТАНДАРТҚА СӘЙКЕСТЕНДІРІШ, САПАЛЫ ЖҰМЫС ЖАСАУ ТИІМДІЛІГІ

А. Ш. Мамбаева

Тірек сөздер: метрология, стандарт, сертификат

Аннотация. Өнімнің барлық түрі өлшемсіз жасалмайды. Сондықтан, алынған нәтиженің сапалы, дәл өлшенуі метрологиялық ережелерді қатаң ұстануды талап етеді. Өлшеулерді метрологиялық қамтамасыз ету тұтынушының және үкімет мүддесін, өмір қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етеді. Осы мақалада ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында метрология жұмысын жүргізу маңызы көрсетілген.

Кіріспе. Стандарт – бұл уәкілетті орган көздеген тәртіппен бекітілген, көп мәрте және ерікті пайдалану мақсатында техникалық реттеу объектілеріне ережелерді, жалпы принциптер мен сипаттамаларды белгілейтін құжат [1]. Мемлекеттік сатып алулар жариялануда стандарттар ескеріледі. Индустриялды дамыған мемлекет құруымыз үшін, біздің тауарларымыз ішкі және сыртқы нарықта жоғарғы сұранысқа ие болуы үшін біздің кәсіпорындарымыз, зертханаларымыз сапа менеджментін күшейтуі тиіс.


Қазіргі таңда дағдарысқа қарсы шараның бірі ауыл шаруашылығы болғандықтан, аграрлық сала көрсеткіштері ғылыми дамыған, стандартталған, қолданысқа қажетті болуы тиіс.

Мақсаты. Жаңа ғылыми құрылғыларды пайдалану және ғылыми зертханаларда метрология жұмысын талапқа сай жүргізу қажеттілігі.

Міндеті:

Метрологиялық қамтамасыз етілген зертханаларда жұмыстың орындалу барысын қадағалау. Сурет 1-Метрологияның үш бөлімі

Материалдар. Метрология үш бөлімнен құралған. Осы бөлімдерді ұстанған, жаңашыл құрылғылармен жабдықталған зертханалардың зерттеу нәтижелері анағұрлым дәл шыққан. Жаңашыл құрылғылар: хроматографтар, атомды- абсорбционды спектрометрлер, микроскоптар т.т.



Өлшем құралдары: мынадай өлшем түрлері бойынша, салыстырып тексеріледі:

- геометриялық шамалар;
- масса;
- күш және қаттылық;
- қысым;
- қозғалыс параметрлері;
- сұйықтық және газ шығыны мен мөлшері
- тығыздық және тұтқырлық;
- физика-химиялық;
- жылу физикалық және температуралық;
- оптика-физикалық;
- электрлік;
- уақыт және жиілік;
- радиотехникалық;



2- сурет. Сынақтан өтетін кейбір құрал- жабдықтар

Зертхана жұмыскерлері білуі және түсінуі керек:

- өнімдерді стандарттау, сертификаттау, метрология және сапа менеджменті бойынша заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерді, әдістемелік материалдарды;
- өңдеу кешеніндегі мемлекеттік қадағалау жүйесін, өнім сапасын ведомствалық бақылауды, стандарттар мен өлшеу құралдарын;
- өнімнің негізгі техникалық сипаттамаларын, өндірісті конструкторлық және технологиялық дайындауды ұйымдастыру, астық кешеніндегі өндірістің технологиялық процестері мен тәртіптерін;
- өндірістік қуаттылықты, өнім сапасын бақылау әдістері мен құралдарын, астық кешеніндегі өнімді сертификаттауды ұйымдастыру мен технологиясын;
- сынау жүргізу ережелерін;
- сапаны статистикалық бақылауды ұйымдастырып отыру және технологиялық үрдістерді басқару.

Жасау керек:

- өнім сапасын бақылау және өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету үшін бақылау-өлшеу және сынау техникасын қолдануды;
- өңдеу кешенінде стандарттау, сертификаттау және метрология бойынша жұмыстарды жоспарлау мен жүргізу үшін жаңашыл компьютерлік технологияларды қолдануды;
- өңдеу кешенінің кәсіпорындарында стандарттарды және басқа да нормативті-техникалық құжаттарды жасау кезінде есептеу әдістерін қолдануды;
- өңдеу кешені кәсіпорындарының өнімдерін және сапа менеджменті жүйесін сертификаттау бойынша жұмыстарды орындау кезінде өнім мен оның сапасын бақылау әдістерін қолдануды;
- өнім сапасын талдау әдістерін және ақау себептерін іздеу тәсілдерін қолдануды;
- кәсіпорындарда құжаттаманы метрологиялық сараптау жүргізу тәсілдерін, өлшеу құралдарын тексеру (калибркалау), жөндеу және дәлдеудің заманауи әдістерін қолдануды.

Менгеруі керек:

- стандарттау, сертификаттау және метрология бойынша сәйкес келетін міндеттерді шешу;
- техникалық құжаттаманың нормаланған бақылауын жүргізу;
- стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша жаңа стандарттарды, техникалық шарттарды және басқа да нормативтік құжаттарды жасау және қайта қарау;
- стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша кәсіпорында қолданылатын стандарттар мен басқа да құжаттарды жүйелік тексеруді жүргізу;
- кәсіпорындарының бөлімшелерін стандарттау бойынша жұмыстарды орындауды бақылау;
- стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы озық отандық және шетелдік тәжірибені оқу және жүйелеу.

Салыстырып, тексерілген құрал сертификатталады. Сертификат 1 жыл күшін жоймайды.

Алдымыздағы жылдарда зертханаларды жаңашыл жабдықтармен қамтамасыз ету, тұрғындар қауіпсіздігіне тікелей байланысты кей тауар түрлері бойынша мемлекеттік зертханалар жасақтау және жаңғырту көзделіп отыр. Яғни, бұл біздің өркениетті өсу деңгейімізді көрсетеді.

Қорытынды. Сапалы өнімнің қай түрі болмасын, бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында, өлшеулерсіз, зерттеусіз алу мүмкін емес. Жаңашыл және жалпы өлшеуіш құралдарына метрологиялық бақылау қызметті жүргізіп, нәтижелердің шынайылығына сенімді болу маңызды.

Заключение. Без проведения измерений и исследований невозможно произвести качественную и конкурентоспособную продукцию в любой сфере. Для инновационных средств измерения важно проведение метрологического контроля и обеспечение достоверности его результатов.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Техникалық реттеу туралы 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы
- [2] Стандартизация, метрология, сертификация және сапа менеджментінің негіздері. Оқу құралы.
- [3] Есенбаева Г. А., Какенов К. С. Измерительное оборудование метрология

REFERENCES

- [1] The Law of the Republic of Kazakhstan No. 603-II "On technical regulation" November 9, 2004. (in Kaz.).
- [2] Standardization, metrology, certification and quality management principles. Textbook. (in Kaz.).
- [3] Yesenbayeva G.A., Kakenov K.S. Measuring equipment. Metrology. (in Russ.).

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОЙ РАБОТЫ ЛАБОРАТОРИЙ В СООТВЕТСТВИИ СО СТАНДАРТАМИ КАЧЕСТВА

А. Ш. Мамбаева

Ключевые слова: метрология, стандарт, сертификат.

Аннотация. Любую продукцию невозможно произвести без проведения измерений. Для получения точных и достоверных результатов измерений должны строго соблюдаться метрологические правила и требования. Метрологическое обеспечение измерений направлено на защиту интересов потребителей и государства, безопасности жизнедеятельности, окружающей среды. В этой статье показана важность метрологического обеспечения для сельскохозяйственных предприятий.

Поступила 15.01.2015